

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті

Педагогика және психология кафедрасы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

**Жеке тұлғаның коммуникативтік қажеттіліктерін
қанағаттандыру мен оның психологиялық
тұрақтылығының арасындағы өзара байланыс**

Орындаған: 06405-топ студенті Махмут М.Ж.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, педагогика магистрі
Ерниязов О.Н

Жұмыстың өзектілігі

Бүгінде жаңа Қазақстан қоғамы жағдайында жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және өзін-өзі іске асыру мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді.

Осы тұста елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің "Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына" деген студент жастарға арнап оқыған лекциясында - "Бүгінгі күн - талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік - жігері бар адамдардың уақыты", деп атап көрсеткен болатын [1]. XX және XXI ғасырларда шетелде психологиялық жүктемелердің айтарлықтай жоғарылауымен, «психологиялық тұрақтылық» ұғымына қызығушылық артты. Психологиялық тұрақтылық ішкі үйлесімділіктің сақталуын, адамның жеке қарым-қатынасын, әл-ауқатын қамтамасыз етеді. Психологиялық тұрақтылықты сақтамай, физикалық және рухани потенциалды, өзін-өзі жүзеге асыру үдерісін қанағаттандыру мүмкін емес. Бұл зерттеуде жеке адамның психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етудің коммуникативтік қажеттіліктері, тұлғаның басқалармен қарым-қатынаста қанағаттануы немесе қанағаттанбауы аспектілеріне назар аударылады.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ

Коммуникативтік қажеттіліктерді қанағаттандыруды тұлғаның психологиялық тұрақтылығының факторы ретінде зерттеу.

1. «Мен» образын тұлғаның өзін-өзі бағалауына байланысты коммуникативтік қажеттіліктерді қанағаттандыру дәрежесін анықтау.
2. Коммуникативтік қажеттіліктер мен қарым-қатынастың стилі (түрі) қанағаттану дәрежесі арасындағы қатынасты бағалау.
3. Эмоционалды қолайсыздықтың негізгі себептерін анықтау және олардың құрылымын талдау.
4. Коммуникативті қажеттіліктің қанағаттану деңгейіне, әлеуметтік бұзылыстарға және эмоционалды қолайсыздыққа байланысты сипаттамаларын зерттеу.
5. Әртүрлі типтегі психологиялық тұрақсыздықты дамыту үшін негізгі факторларды қалыптастыру.

Мақсатқа сай қойылған міндеттер:

- 1) Осы немесе басқа мінез ерекшелігінің басымдығына байланысты (акцентуация түрлері);
- 2) Бір немесе басқа адамға тән қарым-қатынас стилімен байланысты;
- 3) «Мен-нің» нақты түрінің қатынасына байланысты

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС НЫСАНЫ:

Орал қаласы, № 46 орта жалпы білім беретін мектебінің 9 сынып оқушылары. Зерттелушілер саны – 30, жас аралығы 15-16.

Диплом жұмысының зерттеу әдістері:

- Тест - семантикалық дифференциал «Ұжымдағы қарым-қатынасты бағалау».
- Тұлға аралық қарым-қатынас диагностикасының әдісі.
- К.Леонгард және Г.Шмишек сауалнамасы.
- «Қарым-қатынас қажеттілігі» әдістемесі.

1. Коммуникативтік қажеттілік пен психологиялық тұрақтылықтың ғылыми-теориялық негіздері

1.1 Коммуникативті қажеттілік түсінігі.

«Коммуникация» терминін зерттеушілер тек қарым-қатынас құралы ғана емес, оның күнделікті өмірде жиі қолданып, адамдардың бір бірімен қарым-қатынас жасауында маңызды рөл, өзара түсінісуі, топтық түсінісуге, ал топтық пікір алмасу қоғамның жетілуіне жетелейді, - дейді. Коммуникация терминінің өзі жалпы қарым-қатынас, байланыс, бір-бірімен араласу, яғни адамдардың тіл арқылы сөйлеу процесін, тілдік қатынастың ерекшеліктерін, оның қоғамда атқаратын қызметін көрсетеді. Коммуникативтік процесті негізінде вербалды және бейвербалды коммуникация деп екіге бөліп қарайды. Вербалды коммуникация қатынастың сөйлеу арқасында жүзеге асырылады. Сөйлеу арқылы біз табиғи тілдік дыбыстарды сондай-ақ, фонетикалық белгілерді, оның екі негізгі лексикалық және синтаксистік белгілерін түсінеміз.

Алғаш зерттеу жасаған шығыстың ұлы ойшылы Әл-Фараби өзінің «Риторика» атты ғылыми трактатында: «Әңгіме айтатын адамның бет әлпетінің кейпі, оның денесінің тұрқы мен мүшелерінің қалпы сол адамның қылығы болып табылады. Мәселен, осы жағдай тыңдаушыға төніп келе жатқан үрейлі оқиға туралы хабарлаған кезде болады. Бұл сәтте оның бет әлпетінен зәресі ұшу, қорқыныш нышаны аңғарылуы тиіс, немесе ол әлдебір затқа қимыл- қозғалыс арқылы нұсқап, не басқа біреудің нұсқағанын істейді. Бұл оның ақиқаттығына сенімін арттырады...» дей келе, қарым-қатынасқа түскенде адамға тән мінез-құлықтың қаншалықты маңызды екендігін көрсеткен[6,7].

Н.П.Ерастова әртүрлі қажеттіліктерге негізделген коммуникацияның мотивтерін жіктеуді ұсынды:

- мотивация қажеттілігі;
- мотив-мүдде;
- әдеті;
- мотивация;
- мотив-борыш [25].


Психологиялық тұрақтылық пен дайындық компоненттерінің динамикасы

Компоненттер	Рейтинг орындары	
	Дайын болған жағдайда	Тұрақтылық жағдайында
Ерікті	5	1
Интеллектуалды	3	4
Мотивациялық	1	2
Моторлық	4	6
Танымдық	2	5
Эмоционалды	6	3


Тұлға аралық қарым-қатынас диагностикасының әдісі.

0-4 балл- төмен	адаптивті мінез-құлық
5-8 балл – қалыпты	адаптивті мінез-құлық
9-12 балл – жоғары	экстремальды мінез-құлық
13-16 балл – экстремальды	патологияға дейінгі мінез-құлық

Мінез акцентуациясының шкаласы




Тест - семантикалық дифференциал «Ұжымдағы қарым-қатынасты бағалау» әдістемесі бойынша анықтау және тексеру әдістемелерінің нәтижесі




- Ұжымдағы қарым қатынас. Анықтау экспериментінің нәтижесі.
- Тексеру экспериментінің нәтижесі

Тұлға аралық қарым-қатынас диагностикасы әдістемесі бойынша анықтау және тексеру әдістемелерінің нәтижесі



К.Леонгард және Г.Шмишек сауалнамасы бойынша анықтау және тексеру әдістемелерінің нәтижесі



Қорытынды

Дипломдық жұмысты қорытындылай келе, жеке тұлғаның коммуникативтік қажеттілігін қанағаттандыру мен оның психологиялық тұрақтылығының өзара байланысы күрделі жұмыс болып табылады.

- Зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша:

«Коммуникативті қажеттілік», «психологиялық тұрақтылық» ұғымдарының мәні ашылып, теориялық негіздері анықталды.

оқушылардың қарым-қатынас деңгейі оқушылардың жас ерекшелігіне сай әдістеме, тест тапсырмалары негізінде айқындалды.

Жүргізілген эксперименттің нәтижесі математикалық-статистикалық өңдеуден өткізілді.

Эксперименттік топ оқушыларының оқу процесінде қарым-қатынас деңгейлерін жетілдіру үшін психологиялық-педагогикалық шарттарға сүйене отырып, психодиагностикалық әдістемелер, қарым-қатынасқа арналған тренингтер, жаттығулар, ойындар, тренинг-сабақтар жүйелі түрде жүргізілді.

Қорыта келгенде, ғылыми-теориялық зерттеулер негізінде оқушылардың коммуникативтік қажеттіліктерін және психологиялық тұрақтылығын жетілдірудегі психологиялық-педагогикалық шарттарға сүйене отырып психодиагностикалық әдістемелерді, қарым-қатынасқа арналған тренингтерді, жаттығулар, тренингтер, ойындардан құралған сабақтар жүйелі түрде жүргізілсе оқушылардың коммуникативті қажеттіліктері және өзін-өзі қанағаттандыру механизмі жетіледі. Соның негізінде оқушылардың шығармашылық, ақпараттық, рухани дамуына жол ашылады. «Теңіз тамшыдан құралады» дегендей, оқушылардың коммуникативтік қажеттіліктері мен психологиялық тұрақтылығын жетілдіре отырып, жан-жақты, білімді тұлғаларды қалыптастыру арқылы ғана біздің келешегіміз жарқын болмақ.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!